Еще большее значение стало придаваться образованию с появлением концепции человеческого развития, за которую Амартья Сен, опубликовавший в 1989г. работу «Развитие как расширение возможностей», получил в 1998г. Нобелевскую премию в области экономики. Приобретение знаний стало играть в обществе все большую роль, да и, вообще, по мнению многих экспертов, современное общество все с большими темпами превращается в общество знаний. Это не просто использование на производстве современных достижений науки, как полагают некоторые, а глубокие преобразования в сферах науки и образования, превращение их в значимые средства удовлетворения общественных потребностей, интеллектуализации самой общественной жизни [2].

Успеха сегодня могут достичь лишь «умные» организации, которые, в отличие от расхваленных Г.Фордом и Ф.Тейлором «жестких» организаций, отличаются гибкостью, пластичностью, адаптивностью и креативностью. Они способны быстро перестраиваться в соответствии с принятыми инновационными проектами, корректировать свои цели исходя из изменений окружающей деловой среды, создавать инновационную корпоративную культуру, а не просто совокупность ритуалов и слоганов, иллюзорно имитирующих не существующую общность членов организации. Готовить профессионалов для таких «умных» организаций как раз и призваны современные университеты [3].

Ресурсы, используемые для этого вузами, автор подразделяет на природные (земля, вода и др.), финансовые, человеческие, материально-технические, информационные, административные, интеллектуальные. И здесь решающая, по мнению автора, роль принадлежит именно последним, т.к. именно они, в лице профессорско-преподавательских кадров, реализуют учебный процесс, разработку и внедрение научных и образовательных инноваций, привлечение различного рода инвестиций в организацию.

При этом формирование и использование ресурсов автором рассматривается как потенциал достижения целей высшего учебного заведения в соответствии с избранной стратегией. И если стратегия развития высшей школы страны разрабатывается государством и фиксируется в соответствующих документах (например, Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года, Астана, 2004 и др.), и включает, в частности, формирование правовой и нормативной базы, адекватной целям и задачам модернизации, а также механизмов государственного регулирования образовательной системы, то задачи стратегического планирования и управления университетом, разрабатываемые его административными структурами, несколько иные.

Диверсификация источников ресурсного обеспечения высшей школы, обусловленная сокращением ее государственного финансирования в

кризисный и посткризисный периоды связана с увеличением в большинстве стран доли финансовой поддержки университетов со стороны бизнеса и негосударственных общественных организаций. Одновременно в качестве внутреннего источника увеличения ресурсов (потенциалов) высших учебных заведений усилилась роль снижения затрат в системах управления ими.

Для изучения эффективности использования имеющегося потенциала казахстанских университетов автором был проведен экспертный опрос 156 профессоров, заведующих кафедрами и деканов Инновационного Евразийского университета и чиновников департамента образования Павлодарской области. Все эксперты имеют высшее образование, 78,5% из них ученую степень кандидата или доктора наук; 58,3% мужчины, 41,7% женщины; 2,6% составляют возрастную группу до 35 лет, 20,8% в возрасте от 36 до 40 лет, 61,4% от 41 до 55 лет и 15,2% группу в возрасте 56 лет и старше. Выборочная совокупность по социально-демографическим параметрам незначительно отличается от генеральной, что позволяет экстраполировать полученные выводы на всю генеральную совокупность с допустимой погрешностью.

В ходе опроса эксперты отметили ряд значимых, на их взгляд, недостатков в осуществляемой модернизации высшей школы. В первую очередь – это отсутствие у профессорско-преподавательских кадров университета четких представлений об осуществляемых и намечаемых преобразованиях, недостаточный уровень профессионализма менеджеров образовательной системы, отсутствие необходимых нормативно-правовых документов, недостаточное материально-техническое обеспечение, слабый контроль за реализацией принятых решений и др.

Таким образом, проведенная авторами социально-экономическая диагностика существующей системы управления ресурсами казахстанских университетов приводит к выводу, что действующий механизм пока не позволяет в полной мере обеспечить рост инновационного потенциала на основе эффективного взаимодействия вуза с бизнесом, местным сообществом и властными структурами. Необходимо поиск инновационных управленческих и экономических технологий, формирование нормативно-правовой базы, адекватной стратегическим целям и задачам модернизации высшей школы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Чупрунов Д.И., Жильцов Е.Н. экономика, организация и планирование высшего образования: учебное пособие.- М.: Высшая школа, 1988 – 175 с.
2. Тихонова А.Н. Вузовская наука: проблемы и перспективы.// Высшее образование в России. – 2000. - №1. – С.13 – 19
3. Фрезоргер Л.А. Университет и регион: направления устойчивого развития. – Тюмень: Вектор Бук, 2003. – 132 с.

#### Түйіндемe

*Мақалада жоғары оқу орындарында пайдаланатын ресурстар мен олардың қалыптасуы қарастырылады. Автор қазақстандық университеттердің қолданысындағы жүйеге әлеуметтік-экономикалық диагностика жасаған.*

#### Resume

*The given article deals with the resources used by higher institutions and their formation. The author diagnosed social and economical situation of the present system of management in the sphere of Kazakhstan higher educational institutions' resources.*

УДК 338.658

### **ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В ГОРОДЕ ОШ: ОБЩИЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ**

**А.Г. Низамиев, Т.К. Субанкулова, Г.А. Момошева**  
*Ошский государственный университет*

Становление и уровень развития предпринимательской деятельности в Кыргызстане показывают, что она постепенно становится выгодной предпосылкой устойчивого развития страны. Эффективность ее развития определяется широким диапазоном выгод для общества и созданием благоприятных экономических возможностей для развития регионов, социальных условий для их жителей: сегодня частные предприятия дают 75% ВВП республики и 80% рабочих мест [1].

При этом следует отметить, что за прошедшие годы в плане поддержки предпринимательства на государственном уровне сделаны определенные шаги, в том числе принят ряд законодательных актов в данной области. Достаточно положительных примеров эффективного развития предпринимательства, расширения его сферы действий во всех регионах республики. Вместе с тем, по мнению ряда ученых, в современных условиях необходимы новые формы предпринимательской политики, позволяющие задействовать имеющийся потенциал, в рамках которого становится возможным интенсивный товарообмен, обмен услугами и факторами производства [2]. Наряду с расширением масштабов предпринимательской деятельности в целях полного удовлетворения имеющихся потребностей, организации производственного дела, внедрения инноваций и новых технологий необходимо проявлять особый интерес к территориальному предпринимательству, поскольку процесс создания выгоды всегда связан с конкретным местоположением предприятия [3].

В связи с этим предпринимательство в городе Ош – в южной столице Кыргызской Республики – рассматривается как важный фактор микроэкономических предпосылок для обеспечения макроэкономического развития страны в целом, достижения экономической и социально-политической стабильности в регионе, в частности. В данное время в городе зарегистрировано более 2,5 тыс. субъектов предпринимательства. Их деятельность характеризуется разными хозяйственными направлениями и назначениями: производство текстильных и швейных изделий («Текстильщик», «Инотекс», «Лиматекс», «Ак-Текс», «Кыргызжиптекс» и др.), продукции пищевой промышленности («Алтын-Суу», «Гул-Азык», «Ошмолкомбинат», «Мариям-Ош», «Саламат» и др.), строительных материалов («Ак-Таш», «Завод ЖБИ-4», «ЖБИ-20», «Болот», «Металлист», «Алтын-Кол» и др.), оказание различных услуг. По результатам социально-экономических показателей мэрии города Ош, в 2010 г. в городе производство промышленной продукции составило 1,8 млрд сомов. При этом структуру промышленных предприятий составили 37 основных объекта, однако из них за отчетный период всего 14 предприятий смогли обеспечить темпы роста. По сельскому хозяйству производство продукции составило сумму 584,4 млн сомов. Доход в сумме 12,9 млрд сомов поступил от предпринимательства в сфере услуг.

Разумеется, все эти и другие финансовые показатели намного ниже, чем в предыдущем году, что связано с июньскими трагическими событиями 2010 г. Как известно, на данном этапе в городе повсеместно идет процесс восстановления пострадавших социально-экономических объектов, реанимации предпринимательской деятельности путем привлечения всех экономических мощностей города. Предпринимаются меры по решению отдельных проблем, имеющих в деле развития бизнеса в городе.

В отношении проблем в области развития предпринимательства в Оше можно констатировать, что здесь существует целый ряд проблем, которые присущи и стали «типичными» для всего Кыргызстана и до сих пор не решены на должном уровне, о чем писали в свое время наши ученые-специалисты [4, 5]. К таким относятся, прежде всего, проблемы организационно-экономического характера:

- общая макроэкономическая нестабильность, включая инфляцию;
- нестабильность и неадекватность законодательной базы государственного регулирования (ее частая смена вызывает у предпринимателей неуверенность, лишает возможности вести дело с перспективой);
- высокие ставки налогов, таможенных сборов и других видов выплат, усложненность системы налогообложения;
- административные преграды, трудности преодоления бюрократических преград, коррупция и произвол со стороны государственных служащих (в особенности в надзорных, фискальных и силовых органах);

- отсутствие положительного имиджа отечественного предпринимателя;
- недостаточность стартового капитала для бизнеса, трудности в доступе к кредитным ресурсам и высокая ставка кредитования;
- рост теневой экономики, практика «крышевания» со стороны отдельных представителей государственных органов;
- старение и износ преобладающей части основных фондов и низкая инвестиционная активность в производственной сфере, отсутствие инноваций, трудности технологическим оснащением предприятий;
- высокая арендная плата за производственные помещения и земли;
- недостаток информации о конъюнктуре мирового рынка по тем или иным сегментам;
- неурегулированность вопросов, связанных с защитой прав работников, занятых в частном бизнесе.

На данный момент, прежде всего, возможности и доступ к получению финансовых ресурсов из внутренних и внешних резервов предпринимателями наиболее важны. Здесь особо следует отметить, что сегодня банковский сектор больше заинтересован в крупных проектах с быстрой окупаемостью. Малый бизнес для него остается малопривлекательным, поскольку у него отсутствует достойное обеспечение кредита, они не могут выдержать 25-30% годовых по кредитным ресурсам, притом на короткий срок. Кроме того предпринимаемые государством меры по совершенствованию законодательства в этой области не снимают налоговый прессинг на предпринимательскую деятельность. Законодательные акты и их изменения не дают возможности предприятиям избежать сложностей при налогообложении, поскольку они регулируются несколькими правовыми актами и инструкциями.

Кроме них для города Ош и южного региона характерны следующие проблемы, которые имеют сильное влияние на места и не позволяют предпринимательству поступательно развиваться и динамично расширяться:

- социально-политическая нестабильность в регионе в связи с наличием фактов международного терроризма, религиозного экстремизма и межнациональной розни, изменчивость и непредсказуемость общественной ситуации (частота митингов и других массовых действий);
- падение покупательной способности населения в связи с низким уровнем его жизнедеятельности (на юге преобладает доля населения с низким уровнем жизни);
- трудности сбыта товаров отечественных производителей в силу целого ряда причин (ввоз в страну из-за рубежа продукции контрабандным путем, закрытость границ и др.);
- нехватка высококвалифицированных кадров по причине массовой утечки «мозгов» (мигранты юга страны формируют большую часть трудовой миграции и события 2010 года усилили поток оттока рабочей силы);

-влияние со стороны криминальных структур и др.

Как всем известно, после трагических событий прошлого года наряду с вышеперечисленными проблемами перед предпринимателями Оша и региона предстали проблемы нового характера.

Так, по данным мэрии города Ош, в 2010 г. общее количество пострадавших субъектов составило свыше 1,4 тыс. с ущербом на общую сумму около 1,6 млрд. сомов. В целях оказания им государственной поддержки специально созданной межведомственной комиссией в установленные сроки был уточнен конкретный список в разрезе объектов с обозначением всех параметров нанесенного ущерба. В том же году Декретом Временного Правительства КР «О фискальных преференциях, льготах и отсрочках для физических и юридических лиц, пострадавших во время беспорядков в г. Ош, Ошской и Жалал-Абадской областях, и мерах по стабилизации и восстановлению региона» субъекты экономической деятельности, осуществляющие деятельность в пострадавших населенных пунктах названных регионов, были освобождены от уплаты налога на прибыль и налога с продаж - с 1 июня 2010 г. по 31 декабря 2012 г.; от уплаты патентов (за исключением казино, игровых автоматов, саун и бильярдных), единого налога, налога на основе налогового контракта субъектов малого и среднего бизнеса, в размере 100% - на вышеуказанный период и в размере 50% на 2012 г.; от уплаты таможенных платежей основные средства и оборудование, импортируемые хозяйствующими субъектами, на территории пострадавших населенных пунктов на период с 1 июня 2010 г. по 31 декабря 2012 г.; принята условная уплата начисленных страховых взносов субъектов предпринимательства, в период с 1 июня 2010 г. по 31 декабря 2012 г. в размере: 30% от начисленной суммы страховых взносов работодателями, при условии наличия до 100 рабочих мест; 50% от начисленной суммы страховых взносов работодателями, при условии наличия более 100 рабочих мест.

Кроме того, с 30 июня 2010 г. субъекты экономической деятельности и физические лица, включенные в специальный реестр, полностью освобождены от уплаты земельного налога и налога на имущество до 31 декабря 2012 г. Государственной налоговой службе, Государственной таможенной службе и Социальному фонду поручено списать задолженность по процентам, финансовым и штрафным санкциям по состоянию на 1 июня 2010 г. субъектов, которым нанесен ущерб в результате событий; предоставить отсрочку или рассрочку в отношении сумм налоговой задолженности и задолженности по уплате таможенных платежей, страховых взносов по состоянию на 1 июня 2010 г. субъектов предпринимательства, без обеспечения исполнения обязанности по их уплате (без предоставления банковской гарантии, залога и поручительства) и без взимания процентов за предоставление отсрочки или рассрочки (сроком до 3-х лет).

В соответствии с постановлением Правительства КР от 16 мая 2011 г. «О мерах по поддержке предпринимателей, пострадавших в результате грабежей, мародерства и пожаров в июне 2010 г. в городе Ош, Жалал-Абадской и Ошской областях» предусмотрена единовременная безвозмездная помощь в размере 50,0 тыс. сомов и беспроцентная ссуда в размере до 150,0 тыс. сомов сроком до 10 лет в соответствии с категориями пострадавших. Данные выплаты производятся по линии Государственной дирекции по восстановлению и развитию городов Ош и Жалал-Абад.

Однако, учитывая большой ущерб, нанесенный отдельным предпринимателям, и задолженности по банковским кредитам данная помощь на сегодняшний день является недостаточной. Кроме того, в данное время многие предприниматели не могут расплатиться с банками, так как они во время июньских событий полностью или частично потеряли свои производственные мощности. По данным коммерческих банков и микрофинансовых компаний, в городе Ош пострадало 6113 заемщиков, имеющих задолженность на общую сумму 732,0 млн сомов, из них по коммерческим банкам 1142 человека с суммой кредитов 525,7 млн сомов, по микрофинансовым организациям – 4981 человек с задолженностью по кредитам и ссудам в объеме 204,3 млн сомов.

Уже повсеместно идут судебные разбирательства между банками и предпринимателями. Банки начали отбирать объекты (дома) предпринимателей за кредиты, продолжают начислять пени и штрафы. Следовательно, в Оше и других городах региона проводятся митинги с требованием списания пени и штрафов и пролонгации долгов. Разумеется, в этом плане Национальный банк КР работает над списанием пени и штрафов по кредитам пострадавших предпринимателей и пролонгации их долгов.

В целом, в целях определения перспективных направлений по созданию оптимальных условий для дальнейшего развития предпринимательства, повышения конкурентоспособности и обеспечения социальной стабильности в городе Ош проводятся мероприятия разного масштаба и назначения. К таким мероприятиям можно отнести различные семинары, встречи, тренинги и др., которые организуются представителями местных властей, территориальных подразделений органов исполнительной власти и международными организациями, где обсуждаются актуальные проблемы предпринимательства.

В этом процессе особое место принадлежит действиям мэрии города, ее структурных подразделений, которые направлены на выработку согласованной позиции органов власти города и предпринимательского сообщества для обеспечения динамичного развития малого и среднего бизнеса. Мэрия оказывает всестороннее содействие в продвижении на рынок товаров и услуг предпринимателей города путем проведения городских



выставок и конкурсов, совершенствования системы поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, решения насущных проблем по снижению цен за аренду помещений, оказанию юридической помощи в области экономических споров и др.

Таким образом, для развития предпринимательства в городе Ош, предстоит решить комплекс сложных проблем. Крайне необходимой и исключительно важной задачей является создание системы государственной поддержки по списанию пени и штрафов по кредитам пострадавших предпринимателей и пролонгацию их долгов. Необходима защита интересов представителей малого и среднего бизнеса от монопольных злоупотреблений, нечестной конкуренции. Предстоит развивать систему государственно-частного партнерства. Также в городе следует обратить внимания к женскому предпринимательству (с учетом доминантного положения безработных женщин), бизнес среде, основанной на наукоемкой технологии (с учетом имеющегося научно-технического потенциала города), и народном ремесле (с учетом местных традиций и др.).

В заключение отметим, что недооценка роли и социально-экономического потенциала предпринимательства, игнорирование его проблем со стороны государства, его региональных органов управления недопустимы, ибо они для страны, его регионов чреваты социальными, экономическими и общественно-политическими последствиями.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Голоса предпринимателей о будущем развитии южного региона Кыргызской Республики. -Бишкек: Университет Центральной Азии, 2001. С. 3.
2. Карпасов А.В. Некоторые проблемы переходного периода и развития предпринимательства в Кыргызстане. Автореф. канд. экон. наук. -Бишкек: БГИЭК, 2001. С. 7.
3. Каримов Б.А. Региональные особенности развития предпринимательской деятельности (на примере Ошской области). Автореф. канд. экон. наук. -Бишкек: БГУЭП, 2004. С. 8-9.
4. Абиджанов С.А. Бизнес и предпринимательство – основы рыночной экономики //Материалы международной научно-теоретической конференции «Туризм и наука», посвященной Году поддержки и развития туризма в Кыргызстане. -Ош: ОшТУ, 2001. С. 78-79.
5. Субанкулова Т.К. Особенности и роль малого бизнеса в сфере бытового обслуживания населения //Материалы региональной научно-практической конференции «Социально-экономические проблемы Южного региона Кыргызстана в условиях перехода к рынку», посвященной 70-летию профессора М.С.Осипова. -Ош: ОшТУ, 1999. С. 221-222.

## Түйіндемө

*Кыргызстан Республикасының Ош қаласында кәсіпкерліктің даму сұрақтарымен, оның жалпы және арнайы мәселелері мақалада қарастырылған.*

## Resume

*The questions of development of business in Osh city of the Republic of Kyrgyzstan are considered in the article, its general and specific problems are resulted.*

ӘОЖ 332.1

## НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**А.А. Нурғалиева, К.А. Асылханова**

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Ауылдық өңірдің әлеуметтік дамуын территориялық дифференция тұрғысынан қарастырғанда, ауылдың әлеуметтік дамуының территориялық ерекшеліктерін зерттеуді негізге ала отырып, жүйелі қарым-қатынасты да назардан шығаруға болмайды. Ең алдымен, жүйелі қарым-қатынас негізіне салыстырылып отырған территориялық нысандарды негіз етіп алу басты шарт болып есептеледі. Бұл үрдіс алдымен географтар арасында, содан кейін экономистер мен әлеуметтанушылар арасында қолға алынды. 70-ші жылдардың басынан бастап «кеністіктік дифференциация-материалдық әлемді сапалы ыңғайдағы ішкі өзара байланысты бөліктерге бөлудің объективті үрдісі» деп саналды. Әрі қарай экономистердің өзі бұл аймақты «тұтас әлеуметтік-экономикалық білім негізі» деп қарастыра бастады.

Қазіргі кезеңде аймақтық саясаттың маңызды міндетінің бірі-аймақтар аралығындағы еңбекті рационалды территориялық бөлу және экономикалық кооперация. Территориялық дамудың басты міндеті-жекелеген аудандардың тұрмыс ахуалындағы айырмашылықтарды аңғару. Бұл міндетті орындау үшін маңызды орын алатын жайт-шалғай аймақтардың экономикалық деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып шаруашылығын өркендету жолдары қарастырылған мемлекеттік бағдарламалар.

Нарық жағдайында республикадағы территориялық саясат жергілікті ерекше белгілердің максималды көрсеткіштерінен бағыт-бағдар алады. Жергілікті басқару органдарының қызметін кеңейту қарастырылып, лайықты қарқын, алғышарттар қарастырылу үстінде.

Жергілікті органдардың өз бюджеттерін қарастыруындағы шынайы өкілеттікке қол жеткізуін қамтамасыз ету, басқарудың әр деңгейіне өзіндік кіріс көздерін бекіту, оларды шығындаудың бағытын өздігінен айқындауларына жол ашу. Жергілікті мәслихат отырыстары жергілікті бюджетті бекітіп, олардың іске асуын қадағалап отыруы шарт.

Дәорталықтандырудың бірінші кезеңінде ерекше маңызды болып саналатыны-ауылдар мен шағын қалалардың өзекті мәселелерін шешу, яғни осы уақытта биліктің белгілі бір шоғыры үлкен шығындарға жол бермеуін қадағалау.

Екінші кезекте, төменгі деңгейдегі әкімшілік-территориялық бірліктердің ыңғайында, яғни, ауылдық округтердің, қала типтес кеңшарлардың және аудандық құрылымда саналатын қалалардың өзін-өзі басқару органдарын толыққанды жүргізулеріне жол ашу. Бұл кезеңде дәорталықтандыру аудандық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік басқарудың реформасын қажет етеді.

Үшінші кезеңде міндетті түрде облыстық мәндегі қалалар мен аудандар деңгейінде дәорталықтандыру принциптерін енгізу басты шаруа болып саналады.

Республиканың аймақтық саясаты экономикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және әлеуметтік даму іс-шараларын облыстың, аудандардың, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі айырмашылықтарды жою шараларымен ұштасады. Бұл қызметті жандандыруда арнаулы мемлекеттік бағдарламалар даярлануда, республикалық деңгейде көрсетілген аймақтарға экономикалық көмек беру қоры құрылады.

Республика өкіметіне міндетті түрде халық шаруашылығын басқару қызметінің жалпы мемлекеттік қызмет шараларын бекіту қажет. Осы тұрғыдағы іс-әрекеттің әдістері мен жұмыс стилін белгілеу, лайықты ұйымдастырушылық құрылымдарын жүзеге асыру шарт.

Әлеуметтік мәселелердің шешімін әлі де таппауы, әлеуметтік мақсатқа бағытталатын ресурстардың көлемін ұлғайту, тұрғындарды нарықтың келеңсіз жақтарынан қорғау, сақтандыру мемлекеттің бұл үрдістерді мақсатты бағыттауды реттеуін қамтамасыз етеді. Олардың шешімін табуы аймақтық саясаттың қарқынды жүруіне қатысты.

Аталмыш мәселенің маңызды элементі түрлі аймақтағы тұрғындардың тұрмыс жағдайының деңгейінің қатынасын ғылыми бағытта нақтылау, осы орайда әлеуметтік - экономикалық, табиғат, демографиялық жағдайлар ескерілуі шарт. Бұндай қатынастарды нақтыландыру-аймақтық өндірістік үрдістердің қайшылықты мәселелерін болдырмау амалдарын реттеу, дұрыс ыңғайда жүзеге асыру.

Осы аталған жайлар республика тұрғындарының жекелеген территориялық топтарының қажеттілік құрылымы мен аймақтық дифференциясына әсер береді. Қажеттілікті дамыту мен қалыптастырудың

өзіндік ерекшеліктері бар: өндірістік күштердің дамуына табиғи-климаттық жағдайлардың әсері, аймақтағы өндірістік қатынастардың ретін табуына лайықты факторлар, тұрғындардың жас, жыныс құрамына қарай, ұлттық ерекшеліктер ескеріледі.

Бұл арада, өкінішке орай, ұзақ мерзім бойы қоғамдық өндірістің тиімділігін бағалау көрсеткіштерін құрастыруда орын алатын қарым-қатынас дұрыс бағытта іске аса алмады. Бір зерттеушілер біртекті өлшемдік көрсеткіштерді ұсынса, басқалары-көрсеткіштер жүйесін алға тартты. Бірақ осы орайда өндірістік және әлеуметтік салалар арасындағы айырмашылықтарға көп көңіл бөлінбеді. Тұрғындардың өмір сүру жағдайларындағы алшақтықты реттеу үшін негізгі бағыттағы іс-шараларды даярлауда алынған көрсеткіштер жүйесінің ғылыми негіздеріне арқа сүйеуге болады.

Өмір сүру деңгейін теңестіру жолдарын қарастыруда маңызды мәселе-аймақтың тұрғындарының қажеттілігін қанағаттандырудың деңгейі мен құрылымын тану, білу. Экономистердің алға тартатыны, әлеуметтік даму деңгейіне талдау, қажеттілікті қанағаттандырудың көрсеткіштерін салыстыру негізінде жүргізілуі шарт. Өкінішке орай, бұл мәселе қазіргі таңда өз шешімін толық таба қойған жоқ. Республика деңгейінде жекелеген әлеуметтік нормативтер орын алған, бірақ олар өз табиғатына лайықты орташа деңгей болып саналады және аймақтардың, облыстардың табиғаттық-климаттық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерінде көрініс таба бермейді. Қолға алатын кезек күттірмейтін шаруа-республика территориясын аудандарға бөлуді ғылыми негіздей отырып, оларға арналған дифференцияланған нормативтер жүйесін анықтау қажет, сол арқылы материалдық игілік пен қызмет көрсетуді нығайту көзделеді.

Бұндай әлеуметтік нормативтердің көмегімен келесі міндеттер шешімін табады: табиғаттық-климат жағдайлардың әсерін айқындау, солар арқылы өндірісті шоғырландырудың ерекшеліктерін белгілеу, тұрғындардың қажеттілік құрылымына лайықты факторларды айқындау, тұтыну, қажеттілік бюджетін даярлау, оның өзі тұрғындардың бірінші кезектегі қажеттіліктеріне кепілдік беретіндей болуы шарт. Әлеуметтік топтардың ахуалын назарға алып, материалдық игіліктерге қол жеткізудің жолдарын нақтылау және тұрғындарды әлеуметтік инфрақұрылымның нысандарымен қамтамасыз ету. Еңбекақыны төлеудегі оңтайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажеттілігі туындап, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына шығынды азайту көзделеді, сонымен қоса еңбекақыны территориялық реттеуді жандандыру көзделеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайларды аймақтық реттеу әрекеттерін көтеру мақсатында және тұрғындардың қалыпты өнімділіктерге қол жеткізулерін жандандыруда міндетті түрде әлеуметтік саланың дамуын ескеру қажет. Бұлар аймақ бойынша қызметті қамтамасыз етудің нормативтерін даярлауға жол ашып, шығынды азайтуды көздейді. Олардың тағайындалымы-

тұрғындардың тұрғын үйге деген қажеттілігін қанағаттандырумен ұштасады, денсаулық сақтау әрекеттерінде, мектепке дейінгі мекемелердегі сұраныстарын қамтамасыз ету, әлеуметтік қызмет жайларын шешуде аймақтық ерекшеліктерге сүйену қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеде ауылдық территориялар, олардың көрсеткіштері болашақта қарқынды дамумен тығыз байланысты, әлеуметтік-экономикалық дамудың бағалану өлшемдеріне сүйеніліп оңтайлы мәселелердің шешілуіне жол ашылады.

Республиканың ауылдық территориясының ерекшелігі мынада, аграрлық сектор өндірушілері мен тұтынушылар арасындағы физикалық алшақтық мол. Көлік шығындары нарыққа өнімді тасымалдаудың жалпы құнының мәнді үлесін құрайды. нарықтық инфрақұрылымы дамыған және шағын территориялы мекендерге қарағанда қомақты көрсеткіштерге ие. АТП-ден аудандық орталыққа, темір жол станциясына, автомагистральға, қалаларға дейінгі қашықтықты тұрмыстық нарықтың көрсеткіштерінің негізі ретінде қарастыруға болады.

Назарға алынатыны, әсіресе нарықтық экономикаға көшу барысында рентабелділік өндірістің құрылымы мен бағасының сай келмеу жақтарын ескере отырып, өндірістер мен өндірістік салалардың әлеуметтік-мәдени іс-шаралар мен тұрғын үй құрылысының қорын біртекті қалыптастыруға мүмкіндіктері бірдей болмайтындығын аңғартады, бірақ еңбек жағдайлары әр ұжымда бірдей сақталмақ. Бұның өзі әлеуметтік құрылым нысандарының құрылыс ауқымы бойынша аймақтық ерекшеліктеріндегі үзілістің өркендеуіне жол ашады. жұмысшылардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің деңгейі, мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы, денсаулық сақтау нысандары мен мәдени орындардың орын алуы аймақ бойынша түрлі айырмашылыққа ие. Территориялық тепе-теңдіктің болмауы тұрғындардың өмір сүру жағдайларында әлеуметтік инфрақұрылымға бөлінетін мемлекеттік бюджет қаражатына теріс көзқарастың жойылмай отырғандығынан деп есептеуге болады.

Бүгінгі күні өндірістер тарапынан міндетті түрде әлеуметтік дамудың қызметтерін нақты белгілеуді жолға қойып, бір жағынан, жергілікті органдардың белсені араласуларын жолға қою көзделуі тиіс.. Сол үшін әлеуметтік сауалдармен алдыңғы кезекте бастапқы топтағылар айналысып, әлеуметтік және экономикалық жұмыстарды тиімсіз жүргізіп отырған жұмыс орындарын қысқарту көзделуі керек, еңбек жағдайларын жақсарту әлі де болса дұрыс жолға қойылуы қажет. Барлық қалған әлеуметтік қызметті жергілікті басқару органдарына жүктеп, оларға бөлінетін материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен өркендетуге бағыттау керек. Бұл мәселенің шешімін табуы өндірістік емес салалардың қоғамдастыру жұмыстарын дұрыс жолға қоюға итермелеп, оларды біртекті, ұйымдастырылған әлеуметтік инфрақұрылымның кешенді принциптері ыңғайында әрекеттерге жұмылдырмақ.

Жергілікті басқару органдарының қолдарында шоғырланған ресурстық қор өндірістік емес салалардың жалпы ұйымдастыру үрдістерін жетілдіруге ғана бағытталып қоймай, өндірістердің салым тиімділігін көтеруге ықпал етеді, әлеуметтік міндеттерді шешуде бастарын біріктіреді. Аймақтың кіріс пен шығынын баланстаудан бас тартуы экономикалық топтарды өзінің өндірістік кешенінің тиімділігін бағалаудың мүмкіндіктерінен айырады, техникалық деңгейіне, жалпы құрылымдық ерекшеліктеріне елеулі өзгерістер енгізеді. Әрі қарай жергілікті бюджетті қалыптастыруды демократияландыру, салық саясатын жоғары деңгейде жүргізу экономиканы әлеуметтік бағдарлауға жол салып, аймақтардың өзін-өзі қаржыландыруларына жол салады.

Биліктің атқару органдары аймақтардың қазіргі жағдайларында екі маңызды іс-әрекетті жүргізуі шарт: аймақтарда нарықтық қатынастардың дамуына қолайлы орта, ұтымды жағдай туғызу және жалпы аймақтық қызығушылықты қамтамасыз ету, яғни осы мекендегі азаматтардың қызығушылығын дамыту. Егер бірінші қызмет нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырумен жүзеге асырылса, нарыққа көшудегі басқа да іс-шаралар назардан тыс қалмайды (жекешелендіру, тауар өндірушілерге көмек көрсету, территорияда жалпы шаруашылыққа лайықты жағдайларды туғызу болатын болса, онда екіншісі аймақтың әлеуметтік дамуының стандарттарын дамыған елдердің деңгейіне жеткізуге бағытталған және осы жолда табиғи ортаны сақтауға да жете мән беріледі.

Нарық жағдайында биліктің аймақтық органдары еркін тауар өндірушілермен іскерлік байланыста болмақ, өзара қарым-қатынас біртұтас экономикалық қызығушылық негіздеріне бағытталуы шарт. Купонға қатысты жүктеме мәселесінде әңгіме қозғай бергеннен ешбір пайда жоқ. Аймақ ресурстарды тиімді пайдалану жолымен қаражат көзін таба білуі мол кіріске жол ашады (ең алдымен, бірнеше мақсатқа жұмылдырылған тағайындалымдар) және қызмет түрлері ескеріледі. Аймақты кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар жасау инвесторларды тартумен тығыз байланысты, бұл да өз кезегінде, қаржылық ресурстар мөлшерін арттыруға ықпал етіп, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы іс-шаралардың жандануына септігін тигізеді. Осылайша, аймақты дамытуға бағытталған көп мәселелердің шешімін табуы, оның ішінде әлеуметтік мәселелер де, көбінесе саяси және экономикалық реформалардың жүзеге асу жетістіктерімен тығыз байланысты, сонымен бірге демократияның дамуынан, меншік формаларының плюрализміне, жергілікті өзін-өзі басқаруға, экономикалық механизмдерді енгізуге, экономикалық үрдіске араласушыларды нақты іске жұмылдыра білуге де қатысты.

Территориялық даму саясаты аясындағы іс-шаралар өкіметтен ішкі инвестицияға әсерлі шараларды күшейтуді талап етіп, артта қалған аудандарда игілікті істерді жандандыру мен кіріс жолдарын нығайтуға мүмкіндіктерді туғызуды қажет санайды.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауында: «Қазақстан өз дамуында жаңа нарық белесінде» деп атай отырып, былайша ойын қосады: «бүгінгі күні территориялық дамудың жаңа, қазіргі стратегиялары қажет, олар аймақ орталықтарында экономикалық әрекетті белсендендіру үшін қажет, елдің экономикалық модернизациясының «тұтқасы» болуға лайықтандырылып, сонымен қоса аймақтың тиімді түрде экономикалық мамандандырылу деңгейін арттыру көзделеді. Осының барлығы Қазақстанның 2015-ші жылға дейінгі территориялық даму Стратегиясында көрініс табуы шарт». Болашақта еліміздің және оның аймақтарының дамуында тұтастай және жекелеген түрде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар атану міндеттері лайықтандырылған Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың коммерциялық түрдегі корпорациялардан айырмашылығы- алынған кіріс әлеуметтік, экономикалық және мәдени мақсаттарды сол корпорациялардың мүддесімен ұштастыра іске асыру көзделген.

Әр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың дамудың аймақтық институты ретінде орын алуы шарт және холдингті компания ретінде белең алып, елдің лайықты аймағында мемлекеттік активтерді басқарушы құрылым ретінде көрініс алады. Әрі қарай, басқару тәжірибесін жинақтай отырып және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың капитализациясының деңгейін көтеру мақсатында салалық диверсификацияны кеңейту де басты орынға шығады. Аймақтық және халықаралық нарықтағы жауапкершілік жүгі де жетіле бермек. Бұл корпорациялардың әрекеттері жаңа жобаларды іске асыруға бағытталып, орта және шағын бизнесті өркендетуге жұмылдырылуы қажет, кооперацияны жетілдіру де басты әрекет қатарына еңбек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казаков Ю.Н., Мовчан Б.С. Развитие социальной инфраструктуры экономических районов.- М.: Наука, 1991 -141с.
2. Закон «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» // Казахст. правда – 2005 -12 июля - С.7-8.
3. Государственной программы развития сельских территорий Республики Казахстан на 2004 - 2010 годы. от 20 августа 2003 года № 838.

### Резюме

*Данная статья посвящена территориально-экономическому развитию регионов РК. Рассматривается территориальная политика региона и их экономические аспекты при рыночных условиях РК.*

### Resume

*The given article is devoted to the territorial-economical development of the RK regions. The territorial policy of region and its economic aspects are considered under the market conditions in the RK.*

ӘОЖ 332.1(574.25)

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДА КЛАСТЕРЛІК ҮЛГІНІ ҚОЛДАНУ

**А.А. Нурғалиева, А.М. Енсебаева**

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Қазақстан Республикасының, жақын және ұзақ мерзімді болашақтағы дамуының негізгі бағыттары болып өндіргіш күштердің жоғарғы индустриалды жүйесіндегі қоғамдық ұдайы өндірісте өз орынын алуын қамтамасыз етуге және постиндустриалдық қоғамға көшуге алғышарттар қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа заманғы ғылыми-техникалық төңкеріс негізінде әрі қарай индустриялану табылады. Алға қойылған мақсатқа жету Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажет.

Ғаламдық жаһандану жағдайында елдің бәсекеге қабілеттілігін жекелеген фирмалар емес, өзара экономикалық тығыз байланыстағы шаруашылық субъекттердің кластерлері қамтамасыз етеді. Кластерлік даму тұжырымдамасы әлемдік беделге ие болды. Ал, әлде қайда дамыған елдердің тәжірибесі кластерлік тәсілдің болашағы зор екендігін көрсетеді.

Кластерлік ыңғайдың мәні нақтылы шаруашылық тиімділікке жету жолында бірін-бірі толықтырушы, бәсекеге қабілеттілікті арттыратын және аймақтың, елдің экономикалық дамуын ынталандыратын, географиялық оқшауланған өзара байланысты компаниялар, құрал-жабдықтармен жабдықтаушылар, толықтырушы, арнайы өндірістік қызметтер, инфрақұрылымдар, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғарғы оқу орындары және басқа да ұйымдардың белгілі бір тобын құру болып табылады.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену мақсаты баршамызға аян. Экономиканы, соның ішінде ауыл шаруашылығын кластерлеу елдің ЖІӨ-ін екі еселеу мақсатына жету жолындағы Қазақстанның тағы бір қадамы болып табылады.

Жұмыста Павлодар облысы экономикасын кластерлеумен байланысты туындап отырған мәселелер қарастырылған және оларды шешу жолдарын анықтауға талпыныстар тақырыптың өзектілігін айқындайды және тақырыпты таңдауға негіз болды.

Бұл мақаланы жазу келесілерді алдына міндет етіп қояды:

- Павлодар облысында кластерлердің қайсы бір түрлерін орналастыру мүмкіндіктерін анықтау;

- Павлодар облысының агроөнеркәсіп саласына талдаулар жүргізу.

XX ғасырдың соңғы он жылдығы - XXI ғасырдың басы интеграциялық үдерістердің белсенуімен сипатталады. Интеграция - шаруашылық топтардың

мега және макро деңгейлерге бірігуінің институционалды даярланған жүйелі үдерісі. Интеграция макро деңгейде ел экономикасында шаруашылық топтардың кластерлердің қалыптасуы арқылы жүзеге асырылады.

Кластерлер теориясының негізін қалаушы ағылшын экономисті Майкл Портер болып табылады. Оның анықтамасына сәйкес, кластер деп белгілі бір салада қызмет көрсетулерге маманданған, өзара байланысты компаниялардың, фирмалардың жағырафиялық белгілері бойынша топтастырылуы айтылады [1].

Кластерлерге өнеркәсіпті өзбетінше ұйымдастырудың аталмыш түрінің мазмұнын ашып көрсететін тағы да бірнеше анықтама бере отырып, солардың ішінен А.Алимбаевтың тұжырымдамасына тоқталар болсақ, оған сәйкес кластер, нақтырақ айтқанда, әдетте нарық арқылы емес және бағаларда көрініс бермейтін фирмалар арасындағы көлденең байланыстар түріндегі фирмалараралық торлар және өнеркәсіптің топтар өнеркәсіптің дамуы үдерісін анықтайды.

Кластер - әлемдік нарыққа енуші ірі және ұсақ фирмалардың көлденең торы. Кластердің жағырафиялық ауқымы бір қала немесе облыстан бастап бір ел немесе бірнеше көрші елдерді қамтуы мүмкін. Кластерлер алуан түрлі нысанда болады және олардың өзіне тән қасиеттері бар. Бұл өнімді қайта өңдеу тереңдігі, өндіріс тармақтарының қамтылуы, аталмыш өндіріс түрінің күрделілігі деңгейі, қайта бөлу шамасы, ғылымсыйымдылығы, қаржылық, кадрлық, құрал-жабдыққа, машиналарға, тетіктерге қажеттілігі, жалғаспалы өндіріс өнімдеріне қажеттілік, ұлттық экономиканың кластерге тартылу деңгейі. Кластер үшін оның түпкілікті өнімі қаншалықты бәсекеге қабілетті екендігі ғылымсыйымдылығы, беріктігі, сыртқы сұранысқа ие болуы, сонымен қатар ішкі нарықтың оған мұқтаждығы, оның шикізаттарының үнемі тез жаңғыртылуы маңызды. Сонымен қатар, бұл кластер аймақтың, мемлекеттің, континенттің шаруашылығына әкелетін нәтижесі, қандай әлеуметтік және саяси мәселелер шешілетіндігі [2]. Әрине, кластердің бір ғана және керемет мінсіз «рецептісі» жоқ, кластерлік үлгілер бір-бірінен өзгеше болғанымен, қайда болмасын олар шағын және орта бизнестің, аймақтың дамуына қуатты түрткі береді.

Дамыған елдер экономикасы құрылымындағы әрекет етуші кластерлердің көптігі кламтерлер жіктелінін жасауға мүмкіндік береді.

Экономиканы әр тараптандырудың және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басым бағыттарының бірі болып кластерлерді дамыту табылады.

Кластер - әлемдік нарыққа енуші ірі және ұсақ фирмалардың көлденең торы.

Әлемдік тәжірибеде кластерлік дамудың мысалдары жеткілікті.

Атақты Генри Фордтың автомобильдер жасау өндірісі осы бағытпен дамыған болатын. Ол темір рудасынан бастап тупкілікті өнім - автомобиль

шығаруға дейінгі барлық салаларды қамтыған біртұтас жүйені құрайтын өз империясын қалыптастырған.

Кластерік экономиканың мысалы АҚШ-тағы компьютерлік техника және ақпараттық технологиялар саласындағы «Силикон алқабы», кино өндіріс саласындағы - Голливуд бола алады. Сонымен қатар, Дания, Италия, Финляндия және басқа да елдердің экономикасын кластерлеу тәжірибелері баршаға белгілі.[3]

Павлодар облысы - Қазақстанның негізгі индустриалдық аймақтарының бірі. Тарихи мұнда, ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі дәстүрлі курделі өндіріс пен минералдар және көміртегі шикізаттарын игеретін кәсіпорындар оңтайлы үйлестірілген ең ірі аумақтық-өндірістік кешен қалыптасқан.

Алайда, шикізаттық бағдарланған саясат бірнеше ұрпаққа алып қарағанда болашағы тиімсіз. Табиғат ресурстары түгесілген кезде келешегі де аяқталады. Мұнан, шикізаттық емес бағыттағы өндіріс түрлерін қосымша құру мәселесі туындайды.

Соған байланысты кластерлік жүйе арқылы қандай да өнім тірін шығаруға адамдарды біріктіру қажет. Мен қой шаруашылығында кластер құруды ұсынамын.

Меніміше, дала малшаруашылығы өнімдерін өндіру және кешенді өңдеуде бәсекеге қабілетті бизнес-идеялар жүйесін қалыптастыру мүмкін іс.

Қой шаруашылығы - ата-бабаларымыздың дәстүрлі шаруашылығы. Тандалынып алынған жолдың дұрыстығына сенімді болу үшін ата-баба тарихын білу керек. Ж. Жорес «Біз өткен күннің күлін емес, отын алуға тиіспіз» деп бекер айтқан жоқ. Білетіміздей біздің көшпешді халықта от жеткілікті. Сондықтан, қазіргі ұрпаққа, яғни бізге өткеннен алатынымыз да, үйренетініміз де және мақтан тұтатынымыз да баршылық. Мал көшпендіге тамақ та, киім де, көлік те болған. Сонымен бірге, ол негізгі сауда көзі және басқа материалдық игіліктер мен қызметтерге айырбас құралы болған. Далалықтың шаруашылығының 60 пайызы қойдан тұратын. Осылайша, даланың қатан табиғатына басқа түліктерге қарағанда жақсы бейімделгендіктен, қой басым орынды иеленетін. Тарихи фактларды талдай отырып, қой шаруашылығы ата-бабаларымыз өмірінің ажырамас бөлігі екенін көреміз. Бұл саланы қайта жандандыру тек Павлодар облысының ғана емес, Қазақстанның да экономикасына елеулі үлес қосады.

Алайда, толыққанды аяқталған өндіріс циклін, яғни кластер алу үшін бізге қажет:

- жүнді бастапқы өңдеу кәсіпорындарының, мауыты-шұға және тоқыма фабрикаларының басын біріктіретін мауыты-шұға секторы;

- былғары және тон-меховые фабрикаларын, киім, аяқ киім, бас киім, галантерея өндірісі бойынша шағын-тігін кәсіпорындарының басын біріктіретін былғары-мех секторы;

- мал сою, ет және ет өнімдерін, шикі терілерді сақтау, тасымалдау кәсіпорындарының басын біріктіретін ет өңдеу секторы.

Сонымен қатар, бұл кәсіпорындарды әлемдік нарықтардың талаптарына толық сай келетін жартылай фабрикаттар немесе дайын өнім өндіруге мүмкіндік беретін жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жарактандыру керек. Сонымен бірге, аталмыш өнім эстетикалық болуы тиіс. Осылайша, дизайнерлік бағыт, сән-үлгілік агенттіктер дамитын болады.

Сонымен бірге, өндірістік кәсіпорындардың санын арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және олардың табысын арттыру есебінен Павлодар облысының тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік мәселелерін шешуге де мүмкіндік тудырады. Ауылда жүннен бұйым жасауға керекті жүн өңдеуге жағдайлар жасай отырып, ауылдық жерлердегі тұрғындардың жұмысбастылығын арттырамыз және атадан келе жатқан дәстүрімізді жаңғыртамыз. Әдетте, ауылда ғана одеял, көрпе, кілемдер секілді ұлттық ою-ернекпен нақышталған бұйымдар жасалады. Осылайша, жүн өңдеуге жағдайлар жасай отырып, біз ұлттық нақышпен шығарылатын өнімдер асортиментін байытып, кеңейте аламыз.

Бұған қоса, мектепте оқу бағдарламаларына өзгертулер енгізуді ұсынамын. Мысалы, еңбек сабағында қыздарды өңделген қой жүнін пайдалана отырып, ұлттық негіздегі қолданбалы қол-өнерге баулу, ұлдарды қой сүйегінен ұлттық ойындарға қажетті заттарды, сувенирлерді жасауға үйрету, мысалы, асық.

Мұндай жағдайда біз екі қоянды бір оқпен атып алу мүмкіндігіне ие боламыз. Біріншіден - біздің аймақтың экономикасын интенсивті дамыту. Екіншіден - ұлттық салт-дәстүрі жаңғырту, өсіп келе жатқан ұрпақты отан сүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу.

Сонымен қатар, сауда секторын құру керек. Мұның көмегімен қой шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу салаларының өнімдерін өткізуші арнайы маманданған сауда ұйымдарын біріктіру мүмкін болады.

Қойға, шикізат ретінде біздің азаматтар өздерінің барлық ой, күш, жігерін жұмылдыруы тиіс.

Қойды өндіру, өсіру, жемдеу, сою, мүшелу, өңдеу, яғни дайын өнімге дейін жеткізу қажет. Бұл кешенді дамыту үшін ғылым, барлық деңгейдегі, жұмысшыдан бастап, мал дәрігеріне дейінгі, инженерлік-техникалық кадрларды даярлау керек. Бұл қазіргі өткір мәселелердің бірі болып табылады. Қой шаруашылығының тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып - саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету табылады.

Жоғарыда аталғандардың барлығына қой шаруашылығының, жүн және қой еті өнімдерінің дамуын тұрақтандыру үшін өзіне баға қалыптасуы үрдістерін мемлекеттік реттеуді, жеңілдікті салық алымдары және несие, шетелдік тауар өндірушілердің ішкі нарықты қорғау секілді

ауылшаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларының жүйесі керек.

Аталмыш жобаны іске асыру машина жасау, химия өндірісі, білім беру, ғылым, далалық мал шаруашылығы өндірісін және т.т. дамытуға мүмкіндік береді және миллиондаған тұрақты жұмыс орындарын құруға жағдай жасайды. Ішкі тұтыну нарығы ұлғаяды, біздің банк жүйесіне тұрақтылық беретін отандық сапалы қарызгерлер қалыптасады.

Қой шаруашылығында кластер құру, экономиканы өртартапандыруға және инфрақұрылымды жаңғыртуға, елің қуат көздері және металл бағаларына тәуелділігін азайтуға, Республиканың экспорттық әлеуетін кеңейтуге, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дрогунов М.Ф. // Кластер. 2005. - С.34.
2. Марин С.Р. // Экономическая отрасль. 2007. - С.52.
3. Смирнов В.В. // Кластеры. 2002. - С. 134.

### Резюме

*В данной работе рассмотрены проблемы при кластеризации экономики Павлодарской области, также доказано, что для увеличения конкурентоспособности региона следует использовать кластерный подход.*

### Resume

*In the article the problems of clustering in the economy of Pavlodar region have been examined, and it was proved that the cluster approach should be used for increasing the region's competitiveness.*

ӘОЖ 338. 43. 02 (574)

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

**А.А. Нұрғалиева, А.Б. Жакупова, Г. Салтанат**  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Ауыл шаруашылығы экономикасының ең күрделі мәселелерінің бірі – сатып алынатын және сатылатын тауарларға баға теңгерімшілігін (паритетін) сақтау, яғни, ауыл шаруашылық өнімдері мен осы салаға арналған өнеркәсіп өнімдері құндылығының арасындағы қатынас осы екі саланың да мүддесінен

шығу мәселесі. Халқымыздың тұрмыс деңгейін арттыруда бұл мәселені дұрыс шешудің үлкен маңызы бар. Бірде-бір дамыған елде егін және мал шаруашылықтары тұтастай нарықтың ерікті «ағысына» жіберілмеген.

Кейбір кәсіпкерлер бизнес мемлекеттік реттеуді қабылдамайды деп санайды. Бірақ, Нобель сыйлығының лауреаты Дж. Стиглердің мемлекеттік реттеу жөніндегі белгілі зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бизнес мемлекеттік реттеуден мүлдем алшақтамайды, қайта керісінше ол бәсекедегі тәуекелді істерді мемлекет тарапынан қорғауды талап етеді. Бұл құбылыстар нарықтық қатынастағы Қазақстанның аграрлық секторына да тән.

Ең алдымен экономикалық реттеуде жер реформасы – мемлекет деңгейіндегі ұлттық мәселелерді қамтитын аса күрделі процесс. Әлемдік тәжірибеде жерге шексіз жеке меншікті құқығын бермей, мемлекет және қоғамдық мүдделердің артықшылығын қамтамасыз ететін әр түрлі шектеулер бар. Мұндай құқықты беру – мақсат емес, тек жерді пайдалану тиімділігін арттыру үшін пайдаланылатын құрал. Ауыл тұрғындарын көп толғандыратын мәселе – жерге жеке меншік орнатудан гөрі, одан алынатын өз еңбегінен түскен нәтижеге иелік ету құқығы. Атап айтқанда, кеңінен етек алған бұрынғы тәжірибесі, яғни, алдымен ауылдың бар өнімін, пайдасын алып қойып, соңынан дотация, қарыздарын өтеу түрінде біртіндеп қайтарудан арылу мүмкіндігін беру қажет.

Ауылшаруашылығында экономикалық қарым-қатынастарды реттеу үшін залогтық (кепілдікті) сатып алу операциясы бойынша есеп айырысуды енгізу жөніндегі ұсыныстардың едәуір мәні бар. Бұл жағдайда шикізатты өңдеу, дайын өнімді алғаннан соң тауар өндірушілерге шикізат құны мен нақтылы төленген аванс сомасы арасындағы айырмашылықты залогтық баға бойынша төлеу қажет. Кепілдікті сатып алу операциясын жүзеге асыру үшін дайындаушы және өңдеуші кәсіпорындарды кепілдікті сатып алу ұйымдары етіп құратын болсақ, нарықтық баға құрылымын және ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерінің табыстылығын реттеуге жағдай жасалынады.

Мемлекеттік салық саясатында ауыл шаруашылығына қатысты жеңілдікпен салық салу арқылы олардың ынталандырушы функциясын күшейту керек. Салық салудың негізгі объектісі ретінде жалпы табысты ғана алу тиімді болар еді.

Республика халқын азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету үшін жыл сайын дайындаушы, өңдеуші, сатушы ұйымдардың және жеңіл өнеркәсіп орындарының тауар өндірушілер мен форвардты, фьючерстік контрактілер жасап, кепілдікті сатып алу операцияларын жүзеге асыруы қажет. Сонда тауар өндірушілералдын ала пайызсыз несиені алу мүмкіндігіне ие болады. Өйткені, форвардтық операциялар – бұл болашақтағы өнімді қазіргі сату бағасымен контрактілі өткізу де, фьючерстік операциялар – белгілі бір көлемдегі, саладағы болашақтағы өнімнің

контрактісін болашақтағы нарықтық баға негізінде сату. Алдағы жылдың өнімін сату – бұл пайызсыз несиені алумен қатар, ауыл шаруашылық бағалы қағаздар нарығын құруға, тұрақты сұраныс пен өнімді кепілдікті өткізуге, сатып алушылардың қаржы қорларын тиімді жұмсауына және инфляциялық процестердің төмендеуіне мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің қаржы жағдайына сатылған өнімге уақтылы есеп айырысудың сақталмауы қатты әсер етеді. Сондықтан өзара есеп айырысудың бақылау мерзімін бекіту керек.

Қазіргі қиын нарық жағдайында әртүрлі ауыл шаруашылық субъектілеріне техника иемдену басты проблема болып тұр. Осы қиыншылықтан шығудың бірден бір жолы лизингтік қаржыландыру. Мен Қазақстан жағдайындағы лизинг туралы бірнеше мәселені талдап көрейін. Лизингтік қаржыландырудың банктік несиені жүйелерінен айырмашылығы бар ма?, ауыл шаруашылығы техникаларын лизингтік қаржыландырудың, содан кейін лизингтік қаржыландырумен қол жеткен техникаларды сақтандыру жүйесінің қазіргі пәрмені қандай? деген сияқты бірнеше сұрақ туындайды. Мен осы секілді бірнеше сұраққа жауап беріп көрейін.

Қазір лизинг компаниялары лизингтік жолмен қаржыландырылған техникаларды сақтандырудың тәжірибесін қолға ала бастады. Бұл бірқатар компанияларда сыннан өтіп үлгерді. Лизинг техникасы ұрланған, өртеніп кеткен немесе уақытша істен шыққан жағдайда оның шығынын сақтандыру жүйесі арқылы жабудың теориялық, тәжірибелік мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Бірақ сақтандырудың бұл түрі әлі сұранысқа ие болған жоқ.

Әрине шаруалар үшін лизингтің ең қызықты жағы ол – пайыздық өсім. Алдағы уақытта лизингтік келісімшарттар негізінде лизингтік пайыздың өсімі төмендету мәселесі тағы туындап отыр, Енді осыған тоқталып кететін болсақ: Лизингтік келісімшарттар құрылымы жағынан инвестициялық институт болғандықтан, ол қысқа мерзімді болуы мүмкін емес. Кез келген лизингтік компанияның несиелендіру мерзімі 3-5 жыл, әрі кетсе 10 жыл болуы мүмкін. Несиелендіру мерзімі де, оның пайыздық мөлшері де жобаны қаржыландырып отырған қаржыландыру көзіне, сонан соң жобадағы лизинг мүлігінің өзін-өзі ақтайтын мерзіміне байланысты. Өзіндік құнын 10-12 айда ақтайтын техниканы 3-5 жылға несиелендіру мүлдем ақылға сыймайды. Нарық саласында жүрген кез келген компания нарық динамикасының алдын алып жүруі тиіс. Лизингтік несиенің пайыздық мөлшерін төмендетуге кез келген компания мүдделі. Көптеген компаниялар өзінің несиелендіруші – құрылтайшы банктерімен қатар еуропалық Қайта құру және Даму банкінің несиені жүйесі арқылы ірі жобаларды қаржыландыруды қолға ала бастады. Тіпті пессимистік болжамның өзі алдағы 2 жылда лизингтік пайыздар мөлшері айтарлықтай төмендейтінін айтады. Ауыл шаруашылығы техникаларын лизингтік қаржыландырудың қазіргі мүмкіндіктері туралы тоқталып кетейін. 2004 жылы елге лизингтік

қаржыландыру арқылы жеткізілетін бірқатар техникалар Үкімет қаулысымен қосымша құн салығынан босатылған. Кейбір лизинг компаниялары ауылда, жеке меншігінде 5 гектардан 500 гектарға дейін жері бар кәсіпкер-шаруаларды құны 5-50 мың АҚШ доллары тұратын ауыл шаруашылығы техникасымен лизинг арқылы несиелендіруді бастады. Енді ауылдағы кәсіпкерлер лизингтік жобамен қаржыландырылған лизинг мүлігін кепілге қойып, оның бастапқы жарнасын төлеп, қажетті техникаға ие бола алады.

Ресей, Өзбекстандағыдай өнім арқылы лизингтік несиені есеп айырысу үрдісі бізге әлі енгізіле қойған жоқ. Бір айта кетер жайт – лизингтік несиені қол қойған шаруа банктердегідей ай сайын емес, жылына бір рет, өзіне қолайлы мерзімде есеп айырыса алады. Банктер ауыл шаруашылығы үшін консервативті жүйе болса, лизингтік қаржыландыру құрылымы жағынан ауыл шаруашылығына жақындау. Банктік несиені мен лизингтік несиені арасындағы бәсеке Қазақстанда ғана емес, барлық елде бар. Меніңше, ерте ме, кеш пе, банктер лизинг компанияларын дербес құрылым ретінде «жеке отау» етіп бөлек шығарады. Өйткені лизинг жүргізуге арнайы рұқсаты бар кейбір екінші деңгейдегі банктер әрбір жоба үшін лицензиялап отыруы қажет. Ал бұл міндет лизинг компаниясының тікелей құзырында болғандықтан, лицензияның қажеті жоқ, лизинг алу үшін компания көмегіне жүгінген кәсіпкер қалтасынан қосымша шығын шығармайды. Бұл – екі жақ үшін де уақыт та, қаржы да үнемделеді деген сөз.

Салалық лизингтердің ерекшеліктері ең алдымен лизинг техникасының өтімділігінде дер едім. Егер транспорт немесе жылжымалы мүліктің өтімділігі жоғары болса, дефолт жағдайында компания өз өнімін қайтарып алып, қайталама нарықта қайта сата алады.

Айта кету керек, лизинг жобасындағы техникалардың өтімділігі жоғары болған сайын оның бастапқы жарнасы да қомақты болады. Бұл – компанияның дефолт жағдайынан өзін-өзі сақтандыруы. Енді мемлекет тарапынан лизингтің дамуына қосып жатқан үлесі жайлы айтып кетейін. Мемлекеттің жасап жатқан іс-шаралары өте ауқымды. Бұның дәлелі ретінде «ҚДБ-Лизинг» акционерлік қоғамы «Қазақстанның Даму Банкінің» еншілес ұйымы болып табылады және «Қазына» Тұрақты даму қоры» АҚ жүйесіне кіретін компанияны айтын кетуге болады. Компания Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде «Қазақстанның Даму Банкі» ұсынған инвестициялық жобаларды қаржыландыру құралдарын кеңейту мақсатында 2005 жылдың 6 қыркүйегінде құрылды.

Өкімет басшылығымен құрылған компания қызметі – Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының негізгі қорларын жанарту үшін қажетті жағдайлар туғызу, жаңа өндіріс орындарын құру үшін инвестициялау саясатын қарқынды дамыту.

Мақсаттары:

- лизинг саласындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;
- өңдеуші өнеркәсіпті, өндіруші және көлік инфрақұрылымын дамыту;
- ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тарту мен орналастыру кезінде даму институттарымен өзара бірлесіп жұмыс істеу.

Міндеттері:

- инвестициялық жобаларды орташа және ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру;
- Қазақстан Республикасы экономикасының өндіруші секторын басқа қаржы институттарымен бірлесіп қаржыландыру жолымен лизингтік қаржыландыруды ынталандыру;
- ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін лизингтік қаржыландыру механизмін қолдану.
- жабдықтардың жекелеген түрлерінің импортын қосылған құн салығынан босату. «ҚДБ- Лизингтегі» лизингтік қаржыландырудың негізгі шарттары:
  - Лизингінің ең төменгі сомасы 1 млн. АҚШ доллары
  - Лизингінің мерзімі 3 жылдан 20 жылға дейін
  - Лизингінің пайыздық ставкасын жобаның тәуекелдік деңгейіне сәйкес белгілеу
  - Инвестициялық басымдықтарға сәйкес болу.
- Қалай дегенмен, лизингтік қаржыландыру біздің еліміздің ауылшаруашылығының “ локомотивтерінің” бірі. Сондықтан, лизингтік қаржыландыруды дамыту біздің міндетіміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенова Н.А., Жантаева А.Ә. Қаржылық есеп оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2001.
2. Кеулімжанов К.Қ., Төлегенов Э.Т., Байдаулетов М.Б., Құдайбергенов Н.А. Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есеп шоттарының корреспонденциясы. – Алматы: Экономика, 1998.
3. Тоқсанбай С.Р. Толық экономикалық орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999.
4. Төлегенов Э.Т. Бухгалтерлік ақпарат жүйелері. – Алматы: Экономика, 2001.
5. Сатыбалдин С.С. Кәсіпорындар мен бірлестіктердің шаруашылық жұмыстарына талдау. - Алматы, 1989.
6. Каланова Ш.М., Дубский Ю.В. Методическое пособие по планированию и организация дипломного проектирования. - Тараз, 1999.



7. Уркунчиев Е.М., Баимбетов М.К. Рабочая программа прохождения преддипломной практики для студентов специальности 0708 – “Экономика социология труда”. - Тараз, 2002.

8. “Салық және бюджетке төлеуін басқа да міндетті төлемдер туралы” 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209-ІІ Қазақстан Республикасының салық кодексі.

9. Ануфриев В. Е. Учет капитала предприятия. Бухгалтерский учет. 2001. №5. - с. 5-1.

10. Балабанов И. Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта. - Москва: «финансы и статистика», 1998. - 112 с.

11. Ефимова О.В. Анализ собственного капитала. Бухгалтерский учет №1. 1999.

### **Резюме**

*Созданная управлением власти компания по услугам для предприятий по созданию условий для обновления фонда Республики Казахстана для интенсивного развития инвестиционной политики производства.*

### **Resume**

*The service company established by the authority management for creating of conditions for refreshing of the Republic Kazakhstan Funds for intensive development of the investment policy.*

ӘОЖ 330.33.01(574.42)

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІН ТАЛДАУ**

**А.К. Оразгалиева**

*Қазақ қаржы-экономикалық академиясы, Семей қ.*

Қандай экономикалық жүйе, қандай жоғары дамыған ел болмасын ешқайсысы да инфляциялық құбылыстан сақтандырылмаған. Инфляциялық жағдай әрбір елде, сонымен қатар сол елдегі қоғам жағдайына да әсер етпей қоймайды. Ол мемлекеттік, әлемдік деңгейде де өте күрделі болып келеді.

Инфляция – қоғамдық ұдайы өндірістегі диспропорцияның көрінісі. Ол мемлекеттің табысы мен шығынының үйлеспей салдарынан кездесетін кез келген экономикалық формацияға тән құбылыс [1; 25].

Инфляция тек экономикаға ғана емес, әлеуметтік жағдайға да әсер етеді. Адамдардың сатып алу мүмкіндігі төмендеп, әрбіреуі өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Ол тек жеке тұлғалар үшін ғана емес, сонымен қатар өндірушілер, сатушыларға да ауыр тиеді.

Әрбір елдің осы бір экономикалық құбылыспен күресінің жолдары әр түрлі және мемлекеттік құрылымына байланысты өз алдына ерекше болып келеді.

Инфляция экономикалық құбылыс ретінде ұзақ уақыт өмір сүруде. Оның пайда болуын ақшаның шығуымен, қызметімен байланыстырады.

Инфляцияның мәні – ол тауарлар мен көрсетілген қызметтердің бағасының өсуі және тауар тапшылығымен қызмет сапасының төмендеуі салдарынан ақшаның құнсыздануы, оның сатып алу мүмкіндігінің құлдырауы [2; 97].

Инфляция ұлттық табысты экономикалық салалары арасында, коммерциялық құрылымдар, халықтың топтары мен мемлекеттің және шаруашылық субъектілері арасында қайта бөлуге тірейді.

«Инфляция» - қабару, көтерілу, ісу деген мағынаны білдіретін – латын сөзі. Шындығында да, қауырт жағдайларда (мысалы, соғыс, революция және сол сияқты кездейсоқ жағдайларда экономиканы дамыту үшін) мемлекеттік шығындарды қағаз ақша шығарумен қаржыландыру ақша айналымының күрт «көтеріліп», қағаз ақшаның құнсыздануына әкеп соқтырады. Оны әр елдегі соғыс жылдарындағы ақша айналысынан байқауға болады. Мысалы, АҚШ-тың бостандық үшін 1775-1783 ж.ж. соғыс және 1861-1865 ж.ж. Азамат соғысы (оның соңғы екі жылында доллардың сатып алу мүмкіндігі 60% дейін төмендеген). XIX ғасырдың бас кезіндегі Англияның Наполеонға қарсы соғысы, 1789-1791 ж.ж. Француз революциясы. Әсіресе, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияда инфляция жоғары қарқынға жетті, 1923 жылдың күзінде айналымдағы ақша массасы 496 квинтиллион рейхсмаркаға жетіп, ол ақша өлшемі триллион есе құнсызданды. Осы келтірілген тарихи мәліметтер инфляция бұрыннан келе жатқан феномен (айырықшы құбылыс) екенін дәлелдейді.

XIX ғасырда инфляция термині Англия мен Францияда қолданыла бастады. Экономикалық әдебиеттерде инфляция түсінігі XX ғасырда Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жиі қолданылып, кеңес өкіметінің экономикалық әдебиеттерінде 20-жылдардың орта кезінде көрінді [3; 67].

Дағдарыс жағдайындағы инфляцияға тән біраз ерекшеліктер бар. Олар [4; 56]:

- егер бұрын инфляция бір жердің шеңберінен аспаса, қазіргі инфляция елдің бүкіл жерін қамтиды;

- егер бұрын инфляция бір мезгілде ғана жүрсе, қазіргі инфляция көп уақытқа созылған құбылыс;

- егер бұрын инфляция тек ақшаның әсерімен туындаса, қазіргі инфляция көптеген ақшасыз және тағы басқа факторларға байланысты болады.

2008 жылы әлемдік экономика 1930-шы жылдардан бері дамыған қаржы нарықтарындағы ең айтарлықтай қаржы күйзелісі жағдайында елеулі құлдырау кезеңіне аяқ басты. ХВҚ бағалауы бойынша жаһандық

экономикалық өсу 2007 жылғы 5,2%-дан 2008 жылдың қорытындысы бойынша 3,2%-ға дейін бәсеңдеді [5].

Екі жыл болған турбуленттіктен кейін 2009 жылдың екінші жартысында әлемдік экономика біртіндеп рецессиядан шыға бастады. Бұған әлемнің көптеген елдерінде 2008-2009 жылдары қабылданған дағдарысқа қарсы қолдау шаралары, сондай-ақ әлемдік тауар және қаржы нарықтарындағы конъюнктураның жақсаруы себеп болды. Экономикалық динамиканың нақты нәтижелері жасалған болжамдардан жақсы болып шықты.

ХВҚ-ның бағалауы бойынша, 2009 жылы барлық елдердің жиынтық ЖІӨ болжанған 1,1%-ға құлдырау кезінде 0,8%-ға қысқарды. Атап айтқанда, АҚШ экономикасы 2,5%-ға, Жапония экономикасы 5,3%-ға құлдырайды деп бағаланады, еуро аймағы елдерінің жиынтық ЖІӨ 3,9%-ға қысқарады. Экономикалық өсу көрсеткіштерінің 2009 жылдың қорытындылары

бойынша 2008 жылға қарағанда нашар болғанына қарамастан, 2010 және 2011 жылдары әлемдік экономиканың өсуі тиісінше 3,9% және 4,3% болады деп күтіледі.

Қазақстан Республикасының макроэкономикалық дамуында 2009 жылы оң үрдістер байқалды. Мәселен, 2009 жылдың 3-тоқсанынан бастап 2009 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нақты ЖІӨ айтарлықтай төмендеуін өтеген экономикалық өсудің аздап қалпына келуі байқалады. Бұл ретте қызмет көрсету секторына қарағанда экономиканың нақты секторына әлемдік дағдарыс салдарлары едәуір ауыр әсер етті. Тауарларды өндіру көлемінің төмендеуі үдерісі қызметтер өндірісіне қарағанда ерте басталып, ұзағырақ болды, 2009 жылдың 4-тоқсанында ғана экономиканың екі секторында айтарлықтай өсу байқалды, ол жылдың қорытындылары бойынша нақты ЖІӨ-нің 1,2%-ға өсуіне мүмкіндік берді.

Экономикалық өсудің оң қарқындылығының сақталуына Үкіметтің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысымен бекітілген Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспарының шеңберінде іске асырылған іс-шаралар кешені әсер етті. Бірлескен іс-қимылдар жоспарына сәйкес банк, құрылыс және агроөнеркәсіп секторларына қаржылай қолдау көрсету, инвестициялық жобаларды іске асыру әлемдік дағдарыстың экономикаға теріс әсерін төмендете отырып, тұрақтану үдерісіне айтарлықтай қолдау көрсетті. Алайда толық қалпына келу үдерісі, ең алдымен, бірқатар факторлардың, оның ішінде шикізатқа деген әлемдік сұраныстың және бағаның оңға қарай өзгеруіне байланысты болады.

Мұндай жағдайларда экономикалық саясат өнімдері ішкі нарыққа бағдарланған экономикалық салаларға мемлекеттік қолдау көрсету арқылы түзетілетін және сұранысты ұлғайтуға бағытталатын болады. Қазақстан

Республикасының экономикасы дамуының негізгі теріс үрдістерін еңсергенімізді ескерсек, оның қалпына келуінің 2009 жылы байқалған белгілері ЖІӨ нақты өсуі 2010 жылы 2-2,5% деңгейінде болады деп болжам жасауға мүмкіндік береді.

2008 жылы инфляциялық үдерістер түрлі бағыттағы сипатта болды. 1-жартыжылдықта экономикадағы инфляциялық қысымның күшеюі байқалды: Статистика агенттігінің деректері бойынша жылдық инфляция 2007 жылғы желтоқсандағы қорытындылар бойынша 18,8%-дан 2008 жылғы тамыздағы қорытындылар бойынша 20,1%-ға дейін ұлғайды. Осы кезеңде азық-түлікке және энергоресурстарға әлемдік бағаның өсуі, сондай-ақ өндіріс шығасыларының өсуі негізгі инфляциялық факторлар болды.


2009 жылы инфляцияны төмендетудің тұрақты үрдісі байқалды. Төменгі іскерлік белсенділік, банктердің кредиттік белсенділігінің тұралаушылығы, халықтың ақшалай кірісі өсуінің төмен қарқыны, шектеулі тұтынушылық сұраныс экономикадағы инфляциялық аяның төмендеуінің негізгі факторлары болды [6].

2010 жылы экономикадағы инфляция аясының сақталуы байқалды. 2010 жылы экономикадағы инфляциялық аяның төмендеуінің себебі сыртқы факторлардың пайда болуы болды. Мұнайдың, металдың бағаларын қоса алғанда, тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың көтерілуі Қазақстанның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындары бағаларының өсуіне себепші болды. Сонымен қатар, кейбір елдегі қолайсыз ауа-райы жағдайы (күрғақшылық, өрт) азық-түліктің кейбір түрлері, оның ішінде астық дақылдары өндірісінің қысқаруына алып келді. Осы жағдай Қазақстан ішіндегі инфляциялық күтулердің өсуіне себепші болды.

2010 жылы инфляцияның өсу факторлары сондай-ақ экономикадағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңсіздігіне байланысты болды. Бұл ретте халықтың ақшалай кірісінің өсуі экономикадағы жалпы сұраныстың кеңеюінің басты себептерінің бірі болды, бұл 2010 жылы тек іскерлік белсенділіктің жандануымен ғана емес, мемлекеттік бюджеттен берілетін жалақының, жәрдемақылар мен зейнетақылардың 2010 жылғы сәуірде 25% артуымен нығайды.


Бұл ретте 2010 жылы Қазақстанда инфляциялық үдерістердің қалыптасуы монетарлық факторлар тарапынан ең төменгі әсер ету аясында болды. Мәселен, ақша массасының өсуі 2010 жылы 14,1% құрады, ақша базасы небәрі 5,0% кеңейді. Сондай-ақ, 2010 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық Банктің мақсатты дәлізі 6-8% шегінде қалыптасты (1-сурет) [7].

Өткен жылдың тиісті айына %-бен



1 сурет - Жылдық инфляцияның деңгейі

2010 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7,8% деңгейінде қалыптасты (2-сурет), бұл 2009 жылғы инфляциямен салыстырғанда 1,6 п.т. жоғары (2008 жылғы желтоқсанға қарағанда 2009 жылғы желтоқсан – 6,2%). Орташа жылдық инфляция 2009 жылғы 7,3% салыстырғанда 7,1% болды [7].



2 сурет - Инфляция деңгейі

2010 жылы жылдық инфляцияның жеделдеуі азық-түлік тауарлары бағасының өсу қарқынының ұлғаюы аясында болды, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың және ақылы қызмет көрсетудің бағасы бәсеңдеді. Азық-түлік тауарлары 10,1% (2009 жылы – 3,0%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,5% (8,6%), халыққа ақылы қызмет көрсету – 6,8% (8,4%) қымбаттады.

Жеміс пен көкөністің бағалары 19,1%, май мен тоң майдың 18,8%, қанттың 12,3%, ет өнімдерінің 12,1%, медициналық қызмет көрсетудің 9,8%, тұрғын

үй коммуналдық қызмет көрсетудің 7,0% біршама өскенін көрсетті. әлемдік бағалардың біртіндеп өсуі Қазақстан өндірушілерінің өнеркәсіп өнімінің 2010 жылы қымбаттауына әсер етті. Өнеркәсіп өнімі тұтастай алғанда 2010 жылы 12,9% қымбаттады (2009 жылы 31,0% өсті). Бұл ретте өндірілген өнім 13,4%, оның ішінде аралық тұтыну өнімі 13,8%, тұтыну тауарлары 9,7%, ал өндіріс құралдары 0,6% қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсету 5,1% қымбаттады.

Инфляцияның әлеуметтік салдары – ол ұлттық табысты қайта бөледі, халыққа салық үстіне салық болып, номиналды және нақты жалақының өсу қарқынын қызметтер мен тауарлар бағасының күрт өсуінен кейін қалдырады.

Бағаның әр түрлі өсуі ішкі рынокта тұтынушының ақшадан тауарға ауысуын күшейтеді, сонымен қатар халықаралық валюта және несие қатынастары күрделенеді. Қазіргі инфляцияның ерекшелігі ол егер бұрын инфляция бір жердің шеңберінен аспаса, қазіргі инфляцияның ерекшелігі елдің бүкіл жерін қамтиды.

Инфляцияның әлеуметтік және экономикалық зардаптары оған шалдыққан елдердің үкіметін белгілі экономикалық саясат жүргізуге мәжбүр етті. Алдымен экономистер ең басты сұраққа жауап іздейді. Инфляцияны төтенше шаралар қолдану арқылы жою керек пе, әлде оған бейімделу керек пе? Бұл дилемма әр елде өзінше, сол елдің ерекшеліктеріне сәйкес шешіледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абрамова М.А. Финансы, денежно обращение и кредит: Москва. Инст. межд. права и экономики, 1996 г.
2. Деньги, кредит, банки: под ред. О.И.Лаврушина. - Москва: Финансы и Статистика.
3. Көшебаев Г. «Денежно – кредитная политика, как составная часть государственного макроэкономического регулирования» // Банки Казахстана.- 2005. № 12.4. Көшенова Б. «Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары». – Алматы – «Экономика» - 2000- 380 б.
5. ҚР Ұлттық банкінің 2008 жылғы жылдық есебі.
6. ҚР Ұлттық банкінің 2009 жылғы жылдық есебі.
7. ҚР Ұлттық банкінің 2010 жылғы жылдық есебі.

## Резюме

*В данной статье раскрыто, что в условиях кризиса в Казахстане существует немало проблем, которые мы можем со всеми основаниями назвать глобальными. Инфляция - одна из них. Вся прогрессивная экономическая мысль человечества, положила немало усилий для борьбы с ней, но инфляция окончательно побеждена не была, т.к. появились новые и более сложные ее формы.*

*Resume*

*The research revealed that there are many issues in Kazakhstan, that can be considered global by all means. Inflation is one of them. All the progressive economic ideas of mankind were devoted to overcome it, but inflation could not be defeated due to its new and more complex forms.*

УДК 339.01(574)

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**С.Е. Сарсембекова, Н.К. Оспанбекова**

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова*

Прошло несколько лет со времени выхода Республики Казахстан на мировую арену в качестве нового самостоятельного субъекта международных отношений. Для становления молодой государственности, обретения своего места в мире прошедшие годы были принципиально важными и плодотворными. Во многом это связано с нынешней ситуацией на мировой арене. При распаде СССР составляющие его союзные республики, став суверенными, независимыми государствами, свернули с избранного Советским Союзом пути и решили следовать курсом всего человечества. И Казахстан, как одна из 15 союзных республик бывшего СССР, исключением не стал, более того, стал одним из инициаторов вхождения в мировое сообщество государств, интегрирования в мировую экономику. 16 декабря 1991 г. Казахстан из независимой республики Союза ССР стал суверенным, независимым государством.

Республика Казахстан появившись на политической карте, неизменно проводит политику отстаивания своих национально-государственных интересов, подразумевая под этим, прежде всего территориальную целостность и независимость страны, благополучие граждан и обеспечение защиты их конституционных прав. С учетом происходящих в Казахстане крупных социально-политических преобразований Президентом Республики Казахстан Н. А. Назарбаевым в качестве долгосрочной цели внешней политики Казахстана было определено формирование и поддержание внутри страны, становления и развития Казахстана как независимого государства.

Формирование национальной экономики Казахстана как суверенного государства предполагает активное ее включение в систему мирохозяйственных связей на основе международного разделения труда

и равноправного взаимовыгодного экономического сотрудничества между странами. Международные связи устанавливаются субъектами хозяйственной деятельности Казахстана и других государств по поводу их внешнеэкономической деятельности, как на территории Казахстана, так и за ее пределами. Государство регулирует внешнеэкономическую деятельность, как экономическими методами, так и методами правового, административного и оперативного регулирования.

Последовательное и целенаправленное осуществление Республикой Казахстан активной внешнеэкономической деятельности опирается на открытость экономики, полноправное участие в международном разделении труда и интеграцию в систему мирового хозяйства, выступает в качестве одного из главных факторов стратегического плана - обеспечения устойчивого экономического роста страны.

В Казахстане существуют условия, создающие благоприятные предпосылки для успешного развития внешнеэкономических связей. К ним относятся: политическая стабильность, большие природные богатства, развитая промышленность, достаточно квалифицированная рабочая сила, относительно благоприятное геополитическое положение, разветвленные хозяйственные связи с большинством стран СНГ, которые остаются решающим фактором для развития внешнеэкономических отношений.

В Республике создана и постоянно совершенствуется законодательная основа системы регулирования внешнеэкономической деятельности. Она построена на базе международно-признанных правовых норм и документов (норм и положений ГАТТ и Соглашений, принятых в развитии Генерального соглашения и ВТО, разработанных в рамках Совета по таможенному развитию и других).

В области регулирования внешнеторговой деятельности Казахстан прошел путь от жесткого контроля со стороны государства до значительной либерализации внешней торговли.

Правительство Республики Казахстан по улучшению бизнес среды провела существенную либерализацию внешней торговли [1]:

- отменено квотирование экспорта товаров;
- сокращен перечень лицензируемой продукции;
- отменены экспортные пошлины на все товары за исключением пшеницы, нефти, газа и цветных металлов;
- отменена практика предоставления таможенных и налоговых льгот;
- упразднен институт спец экспортеров, экспорта любых товаров;
- образован ряд свободных экономических зон;
- для предотвращения ввоза некачественных товаров в республику совершенствуется система технического, санитарного, фитосанитарного и иного контроля;

Внешнеполитические задачи Республики Казахстан, прежде всего, направлены на дальнейшее укрепление государственного суверенитета страны, территориальной целостности, нерушимости границ, экономической и экологической безопасности, общественно-политической и этнополитической стабильности в стране [2].

Первой внешнеполитической задачей Республики Казахстан является сохранение и упрочнение дружественных и союзнических отношений с Российской Федерацией. Очевидно, что российское направление во внешнеполитическом курсе Казахстана должно быть самым приоритетным и требует наибольшей концентрации внимания и усилий. Оперативность, гибкость и дальновидность казахстанской дипломатии должны скомпенсировать опыт и искусство российской дипломатии, опирающейся к тому же на экономическую и военную мощь российского государства и его давние и прочные связи в мировом сообществе. Основными целями которой являются - способствовать разрешению объективных противоречий и проблем в казахстанско-российских отношениях, становление и развитие Казахстана как независимого государства. Проблемы экономических и финансовых взаимоотношений, Байконура и военных полигонов, статуса Каспийского моря, прокладки нефтепроводов и иных коммуникаций в южном направлении, этнической диаспоры, гражданства, казачества и другие должны быть разрешены таким образом, чтобы они никогда не послужили источником конфликтов и конфронтации между двумя международными государствами-соседами.

Второй по значимости внешнеполитической задачей является включение Республики Казахстан в международные и региональные системы и структуры безопасности в целях укрепления государственного суверенитета, территориальной целостности и нерушимости границ. В этом контексте крайне важно, чтобы Казахстан и впредь всемерно способствовал военно-политической интеграции государств СНГ на основе Ташкентского Договора о коллективной безопасности и строительству коалиционных миротворческих сил СНГ на основе согласованной правовой основе.

Третьей внешнеполитической задачей следует назвать обеспечение внешних условий и факторов ускоренного экономического развития, структурной перестройки, создания рыночных механизмов и инфраструктур. В центре внешнеполитической деятельности Казахстана должны быть и вопросы экономической безопасности, энергетической независимости, диверсификации транспортных коммуникаций и каналов связи.

Наряду с министерствами и ведомствами, непосредственно ответственными и за их решение, достаточно весомой должна быть роль МИД Республики Казахстан. Казахская дипломатия не может выполнить эту роль, если не выйдет за рамки решения лишь одного вопроса - способствования внешнеэкономической деятельности республики.

Четвертой важнейшей внешнеполитической задачей Республики Казахстан является дальнейшее развитие и укрепление международных отношений с Центрально-Азиатскими странами, государствами, с которыми ее объединяет не только географическое соседство, но и общие исторические судьбы, родство культур, традиций и обычаи.

Наряду с задачами Республика Казахстан осуществляет следующие направления внешней политики между странами, для развития глобализации которой являются важнейшие принципы Республики Казахстан это [3]:

1. Тесная взаимосвязь внешней политики с внутренней политикой.
2. Взаимное уважение суверенитета и независимости государств.
3. Равноправие государств.
4. Принципиальность и гибкость при отстаивании государственных интересов, способность к позиционному маневрированию, отказ от "закостеневших" стереотипов;
5. Сбалансированность и многофакторность внешней политики, прагматичность при выборе союзников и партнеров.
6. Неделимость, безопасность, то есть тесная взаимосвязь ее различных уровней (политической, экономической, военной, экономической и т. д.).
7. Достижение баланса между глобальными региональными, субрегиональными и национальными подходами в решении проблем мира и безопасности.

8. Казахстан, как член ООН, проводит внешнюю политику на основе принципов международного права.

В 2009 году основными потребителями казахстанской продукции являлись Швейцария (18,6%), Италия (15,4%), Российская Федерация (14,3%), Китай (10,1%), Франция (6,8%), Иран (3,6%), Виргинские острова (Брит.) (3,4%), Нидерланды (2,3%), Португалия и Израиль (по 1,8%), Канада и США (по 1,2%). Большое значение для соблюдения Казахстаном международных норм и правил торговли имеет вступление республики во Всемирную торговую организацию, для чего в январе 1996 г. подана заявка на вступление в ВТО.

С учетом существующих внешнеэкономических приоритетов Республики Казахстан, к ее основным международным партнерам можно отнести Российскую Федерацию, КНР, Центрально - Азиатские страны, государства ЕС и др.

Российско-казахстанское экономическое сотрудничество является важным фактором устойчивого роста экономик двух государств. Основными стратегическими направлениями двухстороннего сотрудничества России и Казахстана являются взаимодействие в сфере энергетики, торговли, транспорта, промышленности.

Важным этапом во взаимоотношениях между Россией и Казахстаном является подписание соглашения о Таможенном союзе, что в корне может

изменить продвижение товаров и услуг между двумя странами. Поэтому, поэтапность продвижения по пути формирования Экономического союза связана, прежде всего с тем, как пойдет разработка и внедрение механизмов Таможенных, а затем и Платежных союзов стран-участниц СНГ.

На начало 2011 года Россия является основным торговым партнером Казахстана, на ее долю приходится около 24% от общего товарооборота Республики Казахстан. Из 89 регионов РФ 76 имеют налаженные торгово-экономические связи с Казахстаном. Ярким примером долгосрочного торгово-экономического взаимодействия России и Казахстана стало создание совместного предприятия ООО «Астраханский зерновой терминал».

Экономические и географические особенности Казахстана делают его экономику одной из наиболее грузоемких в мире и обуславливают ее высокую зависимость от транспортной системы [4]. Правительством Казахстана была разработана и утверждена Стратегия развития транспортной отрасли государства до 2015 года, предусматривающая инвестирование в размере 26 млрд. долларов США в создании инфраструктуры в течение ближайших 10 лет. Целью данной Стратегии является достижение опережающего развития транспортно-коммуникационного комплекса Казахстана в соответствии с задачами экономической стратегии государства.

Особую значимость в связи с этим приобретает казахстано-российское сотрудничество в транспортной сфере.

По территории Казахстана проходят и формируются на основе существующей в республике транспортной инфраструктуры четыре международных транспортных коридоров, в числе которых: Северный коридор Трансазиатской железнодорожной магистрали (ТАЖМ): Западная Европа-Китай, Корейский полуостров и Япония через Россию и Казахстан. ТРАСЕКА: Восточная Европа и Центральная Азия через Черное море, Кавказ и Каспийское море (на участке Достык-Алматы-Актау). Север-Юг: Северная Европа - страны Персидского залива через Россию и Иран, с участием Казахстана на участках морской порт Актау-Уральские регионы России и Актау-Атырау.

Помимо России важным внешнеэкономическим партнером Казахстана является Китайская Народная Республика. За десятилетний период двустороннего сотрудничества эти страны прошли практически через все формы внешнеэкономического взаимодействия – от бартерной торговли вплоть до создания совместных предприятий. Республика Казахстан и Китайская Народная Республика приняли решение о развитии всестороннего стратегического партнерства, которое было принято 14 июня 2011 года. На основе соблюдения Договора между Китайской Народной Республикой и Республикой Казахстан о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве и других действующих двусторонних международных договоров. Государства будут способствовать укреплению отношений добрососедства и дружбы, углублять взаимовыгодное

практическое сотрудничество, укреплять координацию и взаимодействие во благо совместного развития и процветания. Стороны подчеркивают, что взаимное политическое доверие является основой китайско-казахстанских отношений. Государства будут поддерживать тесные контакты между руководителями двух государств, обмениваться мнениями по вопросам двусторонних отношений, важным международным и региональным проблемам, стимулировать развитие всесторонних контактов и сотрудничества между правительствами, законодательными органами, политическими партиями, общественными объединениями, предприятиями и финансовыми структурами двух государств, непрерывно укреплять взаимопонимание и взаимодоверие между сторонами.

Устойчиво крепкие экономические связи существуют у Казахстана с государствами Центральной Азии. Отношения Казахстана с ближайшими соседями Кыргызстаном и Узбекистаном. По инициативе нашего Президента Республики Казахстан была заложена основа созданию союза Центрально - Азиатских стран. Лидерами Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана были подписаны документы о создании межгосударственного совета, единого экономического пространства трех стран. Созданы единый исполнительный орган, советы отраслевых министров и руководителей ведомств. Принят Меморандум о сотрудничестве в области миграции. Начал функционировать Центрально - Азиатский банк развития.

Договор о создании единого экономического пространства между тремя Центрально - Азиатскими государствами не должен противоречит положениям договора о создании экономического союза стран Содружества и открыт для вхождения всех государств СНГ.

Большое значение имеют и внешнеэкономические отношения Казахстана со странами Европейского Союза. В настоящее время Казахстан является крупнейшим партнером ЕС в Центрально - Азиатском регионе и в СНГ. Так, динамично развиваются связи в области производства и поставок на европейские рынки продукции нефтегазового сектора Республики. Все большее развитие получает и сотрудничество Казахстана со странами ЕС в области транспорта, промышленности и сельского хозяйства.

На 2011 год Казахстан пользуется репутацией надежного экспортера продукции в основном энергетического, металлургического и химического комплекса. В структуре казахстанского экспорта основная доля приходится на нефтепродукты, далее следуют цветные и черные металлы, руды, в меньшей степени продуктом экспорта являются зерновые культуры.

Импортируемой продукцией в Республику Казахстан следует отнести машины, производственное оборудование, продовольственные товары и химическую продукцию. По-прежнему основными торговыми партнерами Казахстана остаются страны СНГ и Балтии, на долю которых приходится около 59% экспорта и 63% импорта государства. Однако не менее успешно

развиваются внешнеэкономические связи с такими странами, как Германия, Италия, Чехия, Швейцария, Китай, США, Южная Корея и др.

Республика Казахстан является развивающимся государством, имеет огромные перспективы развития во многих сферах производства. Страна занимает ведущее место в Центральной Азии по темпам экономического роста и дает более 60 процентов ВВП всего региона. Казахстан лидирует среди стран СНГ по объему иностранных инвестиций на душу населения. Республика на порядок опережает другие государства по таким критериям, как внутренняя стабильность, адекватность законодательной базы, создание современной финансовой системы. Мощный экономический фундамент, создание основ либеральной рыночной экономики, своевременная модернизация политической системы и другие факторы позволили Казахстану занять достойное место в мировом сообществе и поставить перед собой далеко идущие цели в сфере внешней политики.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. О. Салимбаева. [www.lib.kaznu.kz/libr/](http://www.lib.kaznu.kz/libr/)
2. Токаев. [www.resurs.kz/ref/osnovnie-zadachi-printsipi](http://www.resurs.kz/ref/osnovnie-zadachi-printsipi)
3. [www.elimai.kz/napravleniya-vneshnej-politiki](http://www.elimai.kz/napravleniya-vneshnej-politiki)
4. Назарбаев Н.А. [www.kazembassy.by/econom/transport.html](http://www.kazembassy.by/econom/transport.html)

#### Түйіндеме

*Мақалада Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастары мен олардың басқа елдермен қызметтілігі жазылған, сонымен қатар, оның дамуын қамтамасыздандыратын негізгі тапсырмалары мен мемлекеттің бағыттары туралы жазылған.*

#### Resume

*The article describes international relations of the Republic of Kazakhstan and its cooperation with other countries. It also reviews the basic goals and directions that secure the country development.*

УДК 656(574)

### ТРАНСПОРТНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА РК

**М.Б. Султанбеков, А.В. Ляпунова**

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова*

Казахстан – республика обширных континентальных пространств. Здесь очень мало естественных водных путей. Поэтому у нас наибольшее развитие получили сухопутные виды транспорта – железнодорожный и

автомобильный. Следует заметить, что с развитием научно-технического прогресса улучшаются методы обслуживания населения, совершенствуются пути сообщения и непрерывно растут скорости и грузоподъемность транспортных средств.

Выгодное расположение позволяет связываться Павлодарской области с другими государствами и областями Казахстана по Южно-Сибирской и Среднесибирской железнодорожным магистралям, автомобильным, авиационным, электронным, трубопроводным и речным видами транспорта.

Созданный в области промышленный потенциал обусловил необходимость расширения транспортных коммуникаций и транспортно-экономических связей. Павлодарская область представляет собой сложный транспортно-коммуникационный узел: здесь берут начало крупнейший внутри казахстанский нефтепровод на юг страны (в г. Шымкент), линии дальних передач электроэнергии в различные регионы Казахстана и России, канал Иртыш - Караганда - Жезказган, железнодорожные пути, проходящие в Россию, в центр и юг страны.

Железнодорожный транспорт – это универсальный вид транспорта, способный перевозить пассажиров и практически все виды грузов на высоких скоростях. Он действует непрерывно во все времена года, а стоимость перевозки сравнительно невысока.

Казахстан обладает разветвленной сетью железных дорог общей протяженностью около 15 тысяч километров; 6 тысяч из которых двухпутные и около 5 тысяч — электрифицированные. Протяженность железнодорожных участков Западного Казахстана составляет 3892 км.

Основными железнодорожными сетями Западного Казахстана являются:

1. Покровская Слобода – Уральск (1894 г.)

Общая протяженность составляет 422 км. По территории Казахстана данная дорога имеет протяженность 130 км.

Покровская Слобода находилась на левом берегу Волги. Уральск расположен на реке Урал. Сближение 2-х речных транспортных магистралей, выход России на территорию Казахстана и послужили причиной строительства этого участка железной дороги.

Город Уральск был первым городом Западного Казахстана, в который пришла железная дорога.

2. Оренбург – Ташкент (1901-1907 гг.) Общая протяженность - 1668 км.

Это была самая первая крупная железнодорожная магистраль, построенная на Западе Казахстана силами царской России в 1905-1907 гг. Она соединила земли России, Казахстана и Средней Азии.

3. Уральск – Илецк (1936 г.) Общая протяженность 263 км.

С пуском в эксплуатацию этого участка появилась возможность примкнуть к построенной ранее железной дороге Оренбург – Ташкент, что дало прямой выход на восток.

4. Гурьев – Кандагач (1942 г.) Общая протяженность - 517 км.

Она была необходима для перевозки нефти Эмбинского месторождения. При этом появилась возможность выхода с Западного Казахстана на магистраль Оренбург – Ташкент, на юг России.

5. Кандагач – Орск (1944 г.) Общая протяженность - 244 км, из них по территории Казахстана 135 км.

Ввод этого участка открыл направление с запада на восток по территории Казахстана и России.

6. Макат-Мангышлак-Узень (1965-67 гг.) Общая протяженность - 883 км.

Ввод железнодорожных участков в Мангистауской области возродил ее жизнь. При строительстве участка Макат – Мангышлак, со станции Бейнеу было сделано ответвление в сторону Среднеазиатской железной дороги, что дало выход в Среднюю Азию, Узбекистан.

7. Гурьев-Аксаарайская (1970 г.) Общая протяженность - 328 км.

С вводом этого участка Атырауская и Мангыстауская области получили возможность выхода на Астрахань, юг и запад России.

8. Хромтау – Алтынсарино (2004 г.) Общая протяженность - 402 км.

После распада Советского Союза сообщение между отдельными регионами Казахстана затруднилось из-за необходимости пересечения границ с соседними государствами. Для избежания подобных сложностей в Казахстане было построено три участка путей, пролегающих полностью по территории республики:

-Первый из них соединил в июне 2001-го года станцию Аксу (город в Павлодарской области) со станцией Конечной (Дегелен). 184 километра линии «Аксу-Конечная» были возведены за 2,5 года. Эта линия соединила Север Казахстана с Востоком.

-Второй из них соединил Север Казахстана с его Западом. Строительство участка Хромтау — Алтынсарино (Кустанайская область).

-Третий соединил Усть-Каменогорск со станцией Шар (Турксиб), что избавило от необходимости дважды пересекать российскую границу.

В 2013 году начнется строительство прямой железнодорожной линии от севера к юго-западу Казахстана. На данный момент решается вопрос по какому маршруту строить. Прорабатываются два варианта: Жезказган — Кызылорда — Бейнеу и Жезказган — Саксаульск — Бейнеу. Реализация этого проекта значительно сократит расстояние от Астаны до юго-западных городов Казахстана.

Также на рассмотрении находится вопрос по проекту постройки скоростной линии по маршруту Астана — Актобе.

Основным видом транспорта, как для перевозки грузов, так и пассажиров (в том числе на международных сообщениях) после железнодорожного остается автомобильный транспорт.

Сеть автомобильных дорог в Северо-Казахстанской области составляет 9002,9 км, из них 7534,9 км составляет сеть автомобильных дорог общего пользования областного и районного значения, 1468 км автомобильных дорог республиканского значения.

Из общей сети автомобильных дорог - 7053,5 км (78,3%) составляют дороги с твердым покрытием, в т.ч. дороги областного и районного значения – 5573,5 км (62,9%). Различные дефекты покрытия имеют 68,9% - автодорог областного и районного значения.

